



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

# Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

## ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

# Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

## АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

*Редакциялық алқа:*

*Бас редактор - Бекет Қарашин;*

*Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;*

*аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;*

*Құрастырушы - Бекет Қарашин*

*Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых*

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Байменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

*Редакционная коллегия:*

*Главный редактор - Бекет Карашин,*

*Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)*

*Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;*

*составитель – Б. Карашин,*

*Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых*





## РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

### Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

### Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

**Атақтары:**


Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

**Награды и звания:**

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





## АЯҚТАЛМАҒАН ХИКАЯ

Ертеңгілік терезе желдеткішін ашып, жазу столыма отырдым. Ауа жаңғырып, сәуір самалы бойымды жадыратты. Ойым – біздің елде болған ертедегі бір хикаяны тізбелеу.

Сюжеті дайын. Соғыс кезінде Қошалақта қашқын пайда болыпты. Қалмақ жігіті екен. Кеш түсе ауыл андып, ана әйелді ұрлап кетіпті, мына әйелді зорлап кетіпті. Бәрі содан жүкті боп, бала тапты деген өсек желдей есіп тұрыпты.

Қиялымда қызықты хикая сәулеленді. Құм жалап отырған жалғыз ауыл... Өңшең жесір келіншек... Он шақты жаутаңкөз жетім бала... Сол некесіз туған көрдемшенің бәрі де Қашқынбаевтар...

Ақ сөйлеу – парыз, бір жағы өсекке ілінген жеңгелерімді ақтап алғым келді. Олардың етегі – ел намысы. Қапияда тап берген қара жүрек қашқынға не қайла қылсын?

## НЕОКОНЧЕННАЯ ПОВЕСТЬ

Наутро, открыв форточку, я сел за письменный стол. Легкий апрельский ветерок бодрил меня, обновляя и оживляя воздух. Мысль была – восстановить по деталям одно старое событие, происходившее в наших краях.

Сюжет ясен. Во время Второй Мировой в Кушалаке появился беглец. Говорят калмык. По округе, словно перекасти поле, разлетелся слух, что он по вечерам, то одну женщину умыкнет, то над другой поглумится. И будто бы, они все забрюхатели и детей нарожали.

В воображении брезжила эдакая занимательная картина. Полузабытый аул посреди песчаных барханов... Одни вдовы... Бегают десяток сиротливых ребятишек, похожих друг на друга... И все они – внебрачные – под одной фамилией – Кашкинбаевы, то есть как Беглецовы...

Рассказать правду – благородный долг, к тому же, хотелось найти какое-то оправдание этим нашим старшим сестрам, угодившим под прицел мирских пересудов. Ибо непорочность их – дело общее. С другой стороны, могли ли они противостоять ожесточенному отшельнику, выпрыгнувшему



Ал ине ұстаған ұрғашының бәріне бір-бір баладан құшақтатып кеткен сол сұмдай ұшты-күйлі жоқ. Көкке ұшқандай. Жерге сіңгендей.

Түр-түсі де есте қалып жарымаған. Әйтеуір ұзын бойлы, суыр тіс, көзі алақандай деседі. Алақаны темірдей қатты. Жапа шеккендердің бар берген куәлігі осы көрінеді.

Қашқын қарап жүре ме, колхоздың шетке шыққан тоқты-торпағын да ұрлап сойған шығар. Аштан өле ме?

Бір емес, құм етегінен бірнеше үңгір қазып жатақ қып алған-дағы... Үзік-үзік көріністер көз алдыда көлбең қақты. Бірінен бірі асып түсіп, еліктіріп әкетіп барады. Алдымдағы кофені ішуді ұмытып, жалма-жан сөз байлай бастадым...

«...Тезек тере шыққан. Кепкен жапаның қызығына түсіпті. Екі-үш қыр асыпты. Ауылдан ұзап кеткенін жазғы күн жанып-күйіп орнына отырғанда бір-ақ байқады. «Қара қағаздың» қайғысы жетектеп кеткен де. Жалғыз ұлдан айырылғалы ата-енесі де зар төгіп, шөгіп қалған.

– Қарғамнан бір тұяқ қалмады-ау. Шаңырағын жықпас еді, – деп қос мұңлық күңіренгенде бұл қолтығына қапты қыстыра жөнеледі. Дала кезіп, бар шерін желге айтып жеңілдеп қайтады. Күндегісі осы...

Қанар қапты бұйым көрмей серпе лақтырып арқасына салған. Шарпып тұрған қайраты бар келіншекке тезек деген не, тәйірі? Тездетіп ауылға беттеген... Жанынан жүгіре қосылған мынауысы кім? Бет-ауызын түгел жүн-жұрқа басып кеткен бе? Албастыдан аумап тұр ғой. Ойбай, көтек, қаштым...»

Осы кезде көрші шешейдің:  
– Қыж қайда, ойбай, қыж қайда? – деген әлем-та-



как шайтан из табакерки?

И, в конце концов, этот бандит с большой дороги, подаривший мастерицам-портнихам по чаду каждой, бесследно исчез. Как сквозь землю провалился. Испарился будто.

И обличья его толком никто не припомнит. По разговору их – долговязый, лупоглазый, с крупными, белыми как у сурка, зубами. Ладонями твердыми как железо. Вот и всё, что могли припомнить его жертвы.

Между тем, беглец не мог ходить сложа руки, вероятно, приворовывал и кормился колхозным скотом: ягнёнком отбившимся или там годовалым телёнком. Не помирать же ему с голоду!

И не один, возможно, тайник себе откопал у подножия барханов, обустроил лежак... Обрывки картины вереницей прошли перед взором. Один интересней другого – увлекают за собой. Забыв про горячий кофе, тотчас же пытаюсь облечь их в словесную оболочку.

«...Вышла собирать кизяк для растопки. Увлелась сбором сухих коровьих лепешек. За два-три бугра удалилась. Спихватилась, когда прилично ушла от жилищ, а жаркое солнце клонилось к своему гнездовью. Пошла, наверное, на поводу своей скорби, доставленной ей похоронкой. Трагическое известие о единственном сыне не могло пощадить и стариков – родителей мужа.

– Ох, наследника от родимого нету! Теперь очаг его некому хранить!.. – причитали горемычные старцы. В такие минуты хватала она в охапку мешок и выбегала наружу. Побродит по долам да пескам, выплеснет свое горе и возвратится обратно. Так дни и пролетали...

Холщовый мешок навьючила на себя без особых усилий. Какой это груз – сухой кизяк – для молодой здоровой женщины! И поспешила в аул... Но, кто это нагоняет её сбоку? Лицо заросло всклокоченной шерстью. Точно, албасты! Ой-ой! Проклятье! Бежать быстрее!..»

В этот момент вереницу моих видений отпугнул взбалмошный голос старушки из соседнего дома:



пырық даусы ойымды үркітіп жіберді. Көптен іргелес отыратын ек. Бала-келіні, саздауға біткен құба талдай боп бойжеткен қызы, екі-үш немересі бар-тын. Қоңыртөбел тірлікпен күн көрген жанұя. Баласы – шетелдік мұнай компаниясының жұмысшысы. Келіні базарда сауда жасайды.

– Білмеймін. Әсемжан түнде өз бөлмесінде жатқан, – дейді жеңгесі дұдамал үнмен.

– Жатса қайда ұшып кетті? Іргеде тұрған қызыл шамаданы да жоқ, ойбай!

Шүйкедей қара кемпірдің ойбайы ертеңгілік тұнық ауаны тілгілейді. Жем іздеп қыт-қыттаған тауық ауланың түкпіріне тобымен дүркіреп қашады. Өңешін созып мезгілсіз қораз шақырды.

– Не айқай? Жау шапты ма?

Есік алдына шүйкедей қара кемпірдің баласы шыққан екен. Тоңмойындау неме еді, сөзін көрдің бе?

– Жау шаппаса, қыж қайда?

– Әсемжан бір құрбысына қыдырып кеткен шығар. Жұмысы жоқ. Қашанғы қамалып отырады?

– Қайдағы құрбы?! Ол неткен аты жоқ қыдырыс?! – деп қыз шешесі тіпті өршіп кетті. – Байға қашты деуге аузың келіспей тұр ма?

– Қайдағыны айтасыз.

– Қыж баққаннан қарға баққан оңай. Осының боларын білдім ғой, ойбай!

– Ондай ойы жоқ еді.

– Қыжды жеңге бұзады. Жеңгені теңге бұзады. Бар пәленің басы сен. Өз қолыңмен шығарып бергенсің.

– Ене, қойсаңызшы.

– Бәрін өзі өлшеп-пішіп, енді бітеу адамдай тыр-

«Ой-бай! Деп-ка, где? Куда деп-ка пропал?». Мы давно существовали бок о бок. С ней жили сын со снохой и дочь на выданье, как одинокая ива над заводью, да двое-трое внучат. Семья довольствовалась обычной, ничем не примечательной жизнью. Сын числился рабочим в иностранной нефтяной компании. Сноха торговала на базаре.

- Не знаю. Ночью Асемжан спала в своей комнате, – отвечала сноха неуверенным голосом.

- А если спала, то куда исчезла? И красного чемодана, стоявшего в углу, тоже нет!

Восклицания маленькой с ноготок старушки пронзают прозрачный утренний воздух. Неугомонные куры, копавшиеся в поисках зерен, от испуга срываются с места и с шумом уносятся вглубь двора. Вытянув шею, совершенно в неурочное время кукарекает петух.

- Что за сыр-бор? Враг напал, а драки нет?

В двери показался сынок маленькой с ноготок старушки. Дубина стоеросовая, и выражения его ему подстать.

- Чем не напал! Деп-ка, где деп-ка?

- Асемжан, видать, к подружке пошла, развеяться. Работы нет. Сколько ей взаперти сидеть?! – попытается вступить сноха.

- Какая-токая подружка? Что за гуляния без названия? – пуще расходилась бабка. – Сказать, сбежала с мужиком язык не поворачивается?

- Ну, вы тоже скажете!

- Легче ворон сторожить, чем деп-ку сохранить! Чувствовала я, что все этим кончится, ой-бай!

- И в мыслях у неё такого не было.

- Деп-ку – сноха портит, сноху – деньга портит... Бес – он в тебе сидит! Ты, небось, под ручку её спровадила...

- Свекровь, да уймитесь же вы!

- Сама, видать, всё отмерила и скроила, а теперь,



сиып тұрысын қарашы, тұрысын! Ене демей кет!

– Оңбаған қатын! Сенің тұқымың сондай! Бүйтіп маскара болғанша!.. Қырам да жоям! Мә саған, мә!..

Күйеуінің жуан жұдырығы оңдырмай тисе керек, әйелі ащы дауыс салып солқылдап жылады. Белмеге жылдам басып жұбайым енді. Ақшыл өңі сұрланып, түсі қашып кетіпті.

– Неғып отырсың? Ажыратпайсың ба? Ең болмаса барып басу айт. Қырылып өле ме?

– Қыз да қызыл алма сияқты. Піскен кезде үзіп алмасаң, солып қалады.

– Сенің пәлсапаң бітпес.

– .. тұздап қоя алмайсың.

– Сондайың-ай сенің! Көрші хақы бар емес пе?

Амалы құрыған жұбайым алдымдағы ақ қағазға қарап аз тұрды да шыға жөнелді.

Көрші шешей ашу қысқанда қолына таяқ алатын. Алатын да қара жерде қалған өші бардай сабалап отырып сөйлейтін. Тағы да сол дағдысына басыпты.

– Жалғыз ағасын жерге қаратып... Жүзіқараның енді қайтып екі дүнияда бетін көрмеспін. Теріс батамды берем. Аруаққа тапсырам! Батар күнге тапсырам!

...Иә, қашқын қалмақ, иә... Ойымды үзіп алғанымды қарашы.

«...Соңғы жемтігін үңгірде үш күн ұстап, құмары қанып барып босатқан. Алғашқыда мақтадай жұмсақ білегін жастанып жатам ғой деп дәмеленген. Қайдан, сүйегі санап алғандай, қанын ішіне тартқан қарасұр келіншек екен. Сөзге ермей, көмейін ашпай арпалысып бақты.



смотри на неё – прикинулась невинной овечкой! И не надо меня обзывать свекровью!

- Ну, подлюка ты эдакая! Вся в свою породу! Это ж надо было мне так замараться!.. Не... Под корень! Подчистую! На, принимай, авансик!..

Увесистый кулак мужа содрогнул всё тело. Жена истошно закричала и сотряслась в рыданиях. В комнату забежала моя супруга. Светлое лицо почти посерело.

- Ну, что ты сидишь? Почему не разнимешь? По крайней мере сходи, успокой их. Ждешь, когда перебьют друг друга?

- Девушка – она, ведь, тоже, что красно яблоко. Вовремя не сорвать – перезреет и увянет.

- Твоя философия нескончаема.

- ... не солить же...

- Вот, отродясь, ты такой! Бытует же у нас право соседа?

Исчерпав свои доводы, супруга взглянула на белый лист, лежавший передо мной, и, чуть помедлив, озабоченно вышла.

В минуты гнева старушка из соседнего дома брала в руки палку. И, когда кого-то ругала, стучала палкой о землю, будто возмещала на ней обиду. Данный случай тоже не стал исключением. Она опять взялась за свой старый обычай.

– Опозорить одного-единственного старшего брата... Бесстыжего лица не видеть мне в обеих мирах! Пусть не ждет от меня благословения. Да, передам духам предков! Устрою Судный день!

Ну и дела, братец калмык, ну и дела!.. Ты, погляди-ка, потерял ход мысли.

«... Последнюю свою жертву, продержав в пещере дня три, он отпустил, когда насытил свою плотскую страсть. Поначалу предвкушал, что будет долго нежиться на её пухленькой, как вата, ручке. Где уж там, – молодуха оказалась худой, – на её смуглом теле можно было кости сосчитать. Не поддавалась уговорам, со скрежетом зубов старалась дать отпор.





Әлі құрып, амалы таусылып жатып:

Ит жалап кеткен итаяқтай болдым-ау... – дегені. Сөзін қарашы! Шапалай тепкен қос аяғын жыңғылдай айырып, үстіне қайта төнген.

– Дыбысыңды шығарма! Ауылыңа адасып кеттім деп бар, – деген бұл ендігін баса алмай жатып. – Әйтпесе... Мен де қазақпын.

– Қаныңды қазаққа жаққың келген екен, ит қалмақ, – деген келіншек ұзап бара жатып. – Тұра тұр, бәлем!..

Одан бері де тамағынан талшық өтпегелі екі күн ауды. Жалмауыздың жалғыз көзіндегі үңгірдің аузына үңіліп қашанғы жатсын? Баспалап аулаққа көз салған.

Қыр етегінде жауырға қонған сауысқандай боп ат үстінде бір шал тұр. Алдындағы уақ жандығы жуан мен шағыр қуалап жүгіреді.

Тоят алып, тоқ баспаған-ау, шамасы. Тағаты қашып, суыр тісінің суын сорып аз-кем отырды да қонышына сапысын сала берді...»

Еденді солқылдата басып келе жатқан бұл кім? Е, ауылда тұратын ақсақал екен ғой. Аман-саулық жоқ:

– Тағы жазып жатсың ба? Ішіңе сыймайтын бұл не сөз? – дейді келе қарсы алдыма тізе бүгіп.

– Жай, әншейін.

– Баяғыда «Сөз құған пәлеге жолығады» деуші еді. Қазір де солар дәуірлеп тұр.

– Аллекем аштан өлмесін деп бес-алты ауыз жел сөз берген де.

– Бәрібір, қаймағы жоқ, қаспағын қырып жүрсіңдер.

– Шаруа айтыңыз. Асығыстау отырмын.

Выбившись из сил и исчерпав уловки, за все время только и процедила, что стала непотребной посудинной, зализанной паршивой собакой. Слова-то, смотри, какие! С трудом раздвинув лупцующие его, словно заросли шенгеля, ноги, надругался над своей жертвой еще раз.

– Так, держи язык за зубами! В ауле скажешь - заблудилась, – сипел он, еще не отдышавшись.

– Не то смотри... Я тоже казах!

- Думал казахам кровь ещё попортить, калмыцкий пёс! – кричала она, удаляясь. – Подожди, еще придет твоя расплата!..

С того момента минуло два дня, а во рту у него и маковой росинки не бывало. Сколько можно лежать, наблюдая за входом в пещеру, как за глазом какого-то чудища? Он осторожно выбрался наружу и огляделся.

У подножия холма, будто сорока на холке лошади, сидел старик. Перед ним в зарослях бурьяна резвилась мелкая животина. Знать наелась раз скачет.

Превозмогая голод, он подождал еще немного, подсасывая крупные белые, как у сурка, зубы, и сунул финку за голенище...».

Кто же идет, скрипя половиками?! Э, так это аульный аксакал. Заходит, и без всякого приветствия, садится напротив:

- Опять все пишешь? Что за слова такие, которые невозможно держать при себе?

- Да так, ничего особенного.

- В прежние времена говорили, кто за словом погонится, тот беды не избежит. А ныне такие на коне.

- Создатель, видимо, даровал мне язык, чтобы я не помер с голоду.

- Все одно, – сливок нет, – одними поскребками довольствуетесь.

- Говорите, с каким делом пожаловали? Время поджигает.



- Шаруа көп. Салмақ сала келдім.
- Қолдан келсе...
- Ауылда сығандар қаптап кеткен. Улап-шулап тобырымен көшіп жүрді.
- Ал?..
- Сұрамайтыны жоқ. Өңшең қайыршы.
- Содан?
- Кетерінде екі қысыр биемді ұрлап кетті. Іздеп қызылөкше боп қыр кездім.
- Өз ұрымыз аз еді. Олар да талайды қан қақсатқан жоқ па?
- Айтпа. Біздікі ұрласа ең болмаса етін базардан табар ек. Мыналар...
- Полицияға хабарладыңыз ба?
- Әй, қой оларды, – деді ақсақал қолын сілтелеп. – Жаңа ғана солардан шықтым. Өзімді тергеп бітті.
- Апыр-ай, ә?
- Үйірін жауға бермейтін жақсы айғырым бар еді, – деді ақсақал енді маңдай терін сүртіп.
- Ұрылар құлағының түбінен қайта-қайта мылтық атып саңырау қып тастады. Тас керең.
- Енді?
- Мінезі өзгеріп, мәңгіріп қалды. Кәрі биелерді қуып жүріп шайнайды. Ал байтал көрсе бітті, байбаламыңа қарамай оқыранып ұмтылады... Не кереметі барын...
- Мал да иесіне тартады...
- Ақсақал мол денесін түгел селкілдетіп күлді.
- Рас шығар. Ал маған Астанадағы дәу ба-

- Делов-то хватает. Попросить, вот что хочу.
- Ну, если в наших силах...
- В ауле цыган много развелось! Знают только шуметь-галдеть, да бродяжничать всем табором.
- И...
- Выклянчивают все подряд. Одни попрошайки!
- И...
- Когда снимались с места, то увели с собой и две мои нежерёбые кобылы. Стёр все пятки, пока искал по буеракам и оврагам.
- Своих воров будто мало! Заставляют народ лить кровавые слезы?
- Не говори. Но если б наши своровали, - хоть мясо на базар бы выставили. А эти...
- В полицию сообщали?
- Эх, да что толку от них! – буркнул старик, махнув рукой. – Только оттуда вышел. Принялись меня самого пытаться.
- Да уж!
- Хороший был у меня жеребец, не подпускавший близко к косяку ни одного супостата, – продолжал аксақал, отирая со лба испарину.
- Однако воришки его оглушили, то и дело паля под ухом. Напрочь оглох.
- Теперь что?
- Норов у него изменился, одурел совсем. Гоняет старых кобылиц и кусает нещадно. А завидит молодую, то всё – его ничем ты сможешь удержать... Чудеса да и только.
- Скотина она, видать, тоже на хозяина похожа!
- Аксақал рассмеялся, вздрагивая всем своим крупным телом.
- И то верно! Ладно, напиши-ка, мне заявление к



стықтарға арыз жазып бер.

– Айғырдың үстінен бе?

– Әй! – деп ақсақал шошып кетті. Сосын тентек бураның өркеш жүніндей үрпиген шашыма үрке қарады. – Шырағым-ай, манадан бері саған не айтып отырмын? Сығанның да!

– Сығанның?

– Иә. Олардың айнасын қарашы. Қосып жаз. Қасқырдың тісін қағып алады да жіпке моншак қып тізе қояды екен. Сосын ұрлаған жылқысының мойнына кигізеді. Қасқыр иісін сезген жануар жын қаққандай жүйткіп жоғалады дейді. Әне!

– Ендеше, сыған да бір, иен даланы еркін кезген құйын да бір. Ендігі көз көрмеске өтіп кеткен шығар. Таптыра ма?

– Тух! – деп кейіген ақсақал лып етіп орнынан көтерілді. – Мошқап біттің-ау. Есті дегеннің сиқы сендей болса жарыған екенбіз!

...Иә, қашқын қалмақ, иә...

«...Тоқтының етіне тойып, бетіне қызыл тепкен. Жата-жата бойы құрысты. Астына төсеген құмның қияғы да уатылып, ұнтақ болып қалыпты.

Ара-тұра үңгір аузынан құйрығын бұлғандатып кесіртке жүгіріп өтеді. Басқа ермек жоқ. Күн де еңкейіп ұясына құламай қойды. Кешегі жорығы... Қалай болып еді өзі?

Ымырт үйіріле етегін қымтап алған ауылды төңіректенген. Баспалай басып шеткі үйдің ығына арқа сүйеді. Қора жақтан маңқ етіп төбет үрді. Алдына өзімен ала шыққан тоқтының төрт сирағын лақтырған. Мезгілсіз мейманды қайтып мазаламай үні өшті.

Әлден уақытта үйден етегі көлбеңдеп етжеңді бір әйел шыққан. Есік көзіндегі ошаққа беттеді.



большим начальникам в Астану.

- Про жеребца, никак?

- Эй-эй! – опешил ақсақал. Затем с некоторой опаской покосился на мои волосы, взъерошенные, будто хохол на горбу буйного верблюда. – Сынок, я тебе до сих пор о чём толкую? На цыган!

- На цыган?

- Именно. Ты взгляни на их хитроумие. И пометь, не забудь. Добывают волчьи зубы, нанизывают как бусы на веревочку, а затем набрасывают на шею уворованной лошади. Почувыв запах волка, бедное животное несется прочь, будто бес в неё вселяется. Вот оно как!

- В таком случае, что цыгане, что вольный ветер в поле – все одно. Давно уж, наверное, их и след простыл. Где их теперь найдешь?

- Тух!.. – вспылит ақсақал, проворно поднимаясь с места. – Ну и умеешь же ты допекать! Если все грамотеи у нас такие как ты, то мы, значит, дока- тились!

Ну и дела, братец калмык, ну и дела!

«...После нежного мяса ярочки побежала по жи- лам живая кровь. От долгого лежания сковывало тело. Песчанная осока, служившая постелью, вся искрошилась, превратившись в пыль.

Время от времени по отверстию пещеры пробе- гала ящерица, виляя хвостиком. Других развлече- ний не было. Даже солнце не торопилось отдох- нуть в своём гнездовье. Прошлая вылазка... Как же она произошла?

Околачивался вблизи аула, затворившегося на все засовы с наступлением сумерек. Осторожно сту- пая, с подветренной стороны подошел к крайней избе. Со стороны овчарни раздался ленивый лай алабая-волкодава. Бросил ему, прихваченные с со- бой, все четыре овечьи ножки. Пес затих, и уже не беспокоил незванного гостя.

Через некоторое время, качая широким подолом, из избы вышла полнотелая женщина. Она напра- вилась к летней печи, поставленной напротив



– Басымның сіркесін сықтыра қоям деп... Қаран қалғыр, шық түсіп кеткенін қарашы, – деп қарғанып жүріп ошақ аузын бітеді. Қарғанып жүріп тезек үстін жапты. – Ақтөс, кә! Жер жұтты ма мұны?!

Мынау аузында ақ тісі аз сардамбал қатын ғой. Мұны жетектеп кеткенде талайдың тақымын тоздырған немеден не қызық көрер? Төсекке сыймаған бөксесі алақандай апанға сыймас. Үңгірін талқан қып, өзін қарғысқа көміп кетер.

Ақыры қазтабандай басып сығырайған жарығы бар ұйқылы-оюу терезеге үңілген. Көрпе үстінде сақалымен ойнап қаннен-қаперсіз бір шал жатыр. Қасындағы бозөкпе бала бір дорба асығын қайта-қайта үйіреді... Жас иіс жоқ үй екен. Көп кешікпей соңғы үмітін сарқып жалп етіп жарық та өшкен...»

– Қыз кезінен қышынған мына Жәнипаның қызы болса бір жөн. Ол да дүбірлетіп той жасап кетті, – дейді көрші шешей сәмпылдап. – Қанаттыға қақтырмай өсірген қарғам емес пе?

– Ым... – деп екі биесін сығанға алдырған ауыл ақсақалы үнсіз қалады.

– Ағасы кешірімге келгендерді атып өлтірем деп мылтығын оқтап отыр.

– Ым...

– Қайтсін енді? Өзің білесің, байды соғысқа бердік. Осы жалғыздың тілеуін тілеп... Бұл да әкесін көрмей қалды.

– Ым..

– Әкесі майданға алынған соң үш жылдан кейін туса қайдан көрсін? – деймін мен де естілер-естілемес етіп. – Қызық екенсіз сіз де...

Түс ауа тілші қыз есік қақты. Өңірінің үш тиегі салынбаған, шашын жауырынына шашып тастапты.



входа в дом.

- Хотела кизяки поискать... Да пропади они пропадом! Вон уж роса выпала, – чертыхалась она вслух, закрывая печную топку. Чертыхаясь также, накрыла стопку кизяков. – Актёс, на, на! – позвала она собаку. – Куда делась? Провалилась, что ли?

Так это ж битая баба, с редкими во рту зубами. Какой интерес уводить её, стеревшую потники, поди, не одному наезднику? Агрегат-то в кровать не войдет, не то чтоб на лежак в его яме. Разворотит его логово и самого, глядишь, упокоит. Лучше он дальше пойдёт.

Бесшумным гусиным шажком он подкрался к окошку с подслеповатым светом, и заглянул внутрь. На лоскутном одеяле, бессмысленно терев борода, лежал старик. Рядом с ним малолетний оголец, ворошил целой торбой игральных альчи-ков... Молодухой, по всей видимости, и не пахло. Спустя время окно погасло, лишив его последней надежды...»

– Другое дело, окажись на её месте ветренная дочь Джанипы. Но и она свадьбу отгромычала, прежде чем умчаться, – сетовала старушка из соседнего дома. – Уж не растила ли я вороненочка, оберегая от когтей стервятников?!

- Ым-м-да, – промолвил аксакал, обе кобылицы которого умыкнули цыгане, и опять стих.

- Брат её держит ружье наготове, грозит пристрелить тех, кто приедет просить прощения.

- Ым-м-да.

- А что ему делать-то?! Ты сам знаешь, что муж мой на войне остался. Жила ради него одного... Он, ведь, отца не застал.

- Ым-м-да.

- Где уж ему застать, коль появился на свет спустя три года как забрали отца на фронт? – замечаю я тихо. – Вы тоже интересно рассуждаете...

В полдень в дверь постучались – девушка – корреспондент. Верхние три пуговицы незастегнуты, волосы разметались по спине.



– Ағай, Алматыдан келдім. «Ана тілі» газетінен,  
– деді имене басып. Көзі өз-өзінен күліп тұр екен.

– Сұрағың дайын ба, қоя бер.

– «Шетелдік күйеу» деген тақырыпты зерттеп  
жүр едім.

– Ал?..

– Жақында үлкен айқай көтерілді. Естіген шығар-  
сыз? Біздің елде тұрақтап қалғысы келген шетел-  
дікті «Таныстыру бюросындағылар» бір қазақ  
қызымен жүздестіреді. Іздегенге – сұраған, екеуі  
әмпей-жәмпей боп үйленіп тынады.

– Сосын?

– Қазақстанның азаматтығын алған әлгі алаяқ  
артынша айнып шыққан. Махаббатым сарқылды  
депті. Бақса, өз елінде қалған бала-шағасы бар  
екен. Артынан іздеп келіпті.

– Таныс сценарий.

– Ал әлгі қыз еңбегімізге деп жиырма мың доллар-  
ды санап алған бюродағылармен соттасып жатыр.

– Өзі төлеп пе?

– Білмеймін. Бәрібір ғой. Осыған не айтасыз?

– Түрікмендердің қызын шетелдік алса, үкіметке  
елу мың доллар қалыңмал төлейді. Әйтпесе, жоқ.  
Қолынан сипатпайды. Сол сияқты ақалтекесі де,  
алабайы да ұлттық бренд. Көзтаса етпейді.

– Таңғаларлық.

– Таңдай қақпай-ақ қой. Ал бізде ше? Қымызды  
неміске бердік. Шұбатты – еврейге, қазы-қарта-  
ны – қырғызға... Қызды – қаңғырғанның бәріне...



- Я приехала из Алматы. Газета «Родная речь», –  
представилась она, переступая нерешительно по-  
рог. В глазах затаилась смешинка.

- Задавайте, если вопросы готовы.

- Я исследую тему, которая касается «мужа-ино-  
странца».

- Предположим...

– Недавно прошла большая шумиха. Вы, быть мо-  
жет, в курсе. Иностранцу, пожелавшему оста-  
ться в нашей стране, работники «Бюро знакомств»  
устроили встречу с одной девушкой-казашкой.  
Спрос порождает предложение, они нашли, как  
говорится, общий язык. И все закончилось свадь-  
бой.

- И что потом?

- Получив казахстанское гражданство, иностран-  
ный альфонс отрекается от своих обязательств.  
Заявил, что любовь его иссякла. В дальнейшем  
выяснилось, что у него на родине была семья, ко-  
торая приехала его проведать.

- Знакомый сюжет.

- А девушка теперь вынуждена судиться с работ-  
никами бюро знакомств, оценившими свои услу-  
ги в двадцать тысяч долларов.

- Она сама заплатила?

- Не знаю. Да без разницы! Интересно, что вы ду-  
маете по этому поводу?

- Положим, если туркменскую девушку сватает  
иностранец, то сначала он должен заплатить госу-  
дарству калым в размере пятидесяти тысяч долла-  
ров. Иначе и разговора быть не может. За руку не  
дадут подержать. Так же и ахалтекинская лошадь,  
и овчарка-алабай возведены там в статус нацио-  
нального бренда. Он под неусыпным контролем.

– Просто удивительно!

– Нам ли щелкать языком. Что у нас творится? Ис-  
конный наш кумыс мы отдали на откуп немцам.  
Деликатесы из конины – кыргызам. Верблюжий



Тағы кімге не керек? Бізде бәрі де бар! Бізде бәрі де жоқ!

– Осыны заң жүзінде...

– Оны Парламентте «Горе от ума» деген спектакль қойып отырған көкелеріңе айт. Хош бол, қарындас. Жазуым бар еді.

..Иә, қашқын қалмақ, иә...

«...Аты тезек тастап мимырттап келеді екен. Бұл бір бүйірден андаусызда ұмтылған. Ер үстінен ауып түскен қыз құшағында тулап жатты...»

Ойым үзіліп, кері жалғанады.

«...Соғыстан жарадар боп қайтқан екі-үш ағамыз қашқын қалмақты іздеп, тапсақ буындырып өлтіреміз десіп Қошалақтың құмын кезген екен. Айдалада аш қасқырлар қамап, колхоздың қыршаңқы атын қамшылай қашып әзер құтылыпты».

«... – Қашқын ит Қошалақтың қатындарына ғана әуес екен. Біз кімнен кембіз? Неге бір соғып кетпейді? – депті дейді іргелес отырған Ашақтың әйелдері жұлынып. Айтты ма, жоқ па, кімнің аузына қақпақ қоярсың».

Жазуым өнбеді. Мазам қашты. Қою кофе ішіп, қою түтінге тұншығып өзегім өртенді. Жалғыздықты күресіп жеңіп алғандай едім, амал не, алдым келім-кетім кісіден босар емес. Қашар жер, тығылар тау жоқ. Міне, тағы да...

– Ойбай, белім, сегізкөзім, жамбасым!

Е, бұл қала шегінде тұратын таныс кемпір ғой. Құлақсінді мақамы осы. Ақтап басқан сайын әлгі үш сүйектің атын атап алмаса көңілі көншімейді. Сөйтіп жүріп жортып кеткенде тірі жанға дес берсейші.

– Келіңіз, төрлетіңіз.



шубат нынче похваливают евреи... Дочерей своих дарим каждому встречному-поперечному!.. Кому ещё, что нужно? Ведь у нас всё, говорят, есть! Однако своего ничего нет!

– Следовало бы по закону...

– Скажи это, милая, солидным дядям в парламенте, бесконечно разыгрывающим спектакль «Горе от ума». И удачи тебе, сестренка! Мне бы кое-что завершить.

Ну и дела, братец калмык, ну и дела.

«... Лошадь шла ленивым шагом, оставляя после себя помет. Накинулся он со стороны внезапно. Опрокинутая с седла наземь, она отчаянно отбивалась в его объятиях...».

Прерванный ход мысли стал обретать продолжение.

«... Вернувшиеся с войны искалеченными двое-трое наших старших братьев, сговорившись найти и придушить беглого калмыка собственноручно, исходили, говорят, пески Кушалака. В диком поле набрали на стаю голодных волков и едва унесли ноги на колхозных клячах».

«... Ходят слухи, что этот бродячий пес охоч только до баб Кушалака. А мы кого хуже? Чего б ему и к нам не заглянуть?» – ерепенились, мол, бабы близлежащего Ашака. Ерепенились иль нет, но кому на роток накинешь платок...»

Работа не шла. Одолевало беспокойство. От густого кофе и сигаретного дыма горело нутро. Это называется выиграл борьбу за одиночество, но проку нет – визитёры отнимают время. И нет земли, куда бежать, и нет гор. Вот и опять...

– Ой-ой, моя поясница, моя спина, моя крестовина!..

Э, да это ж бабуля с городской окраины. И её неизменное антропологическое присловье. Не останется пока не перечислит по ходу все подобные части тела. Несмотря на её стоны и жалобы, живой душе за ней не просто угнаться.

– Проходите уж, располагайтесь поудобней.



– Ойбай, белім, сегізкөзім, жамбасым... Амансың ба, шырақ? Былтыр шалым қайтқан, оны білесің.

– Иманды болсын.

– Бір ұл, жалғыз қызбен қалдым ғой, білесің.

– Естігем.

– Естісең, ұлым жүріп-жүріп биыл үйленген. Өзі жатқан түйеге міне алмас ынжық. Үйленді деген тек аты, әйелінің қолына кірді.

– Солай ма?

– Солай. Шешемді қолыма алам деп мені де көшірді. Әй, ақымақ басым! Ақыры отырсам – опак, тұрсам – сопақ болып шықтым.

– Неге?

– Негесі несі? Келін – айғыр, кемпір – саяқ. Соңымнан қалмай қуып жүріп тістейді.

– Сөзбен шығар?

– Сөзбен.

– Өз үйіңіз бар емес пе?

– Оны келіннің інісінің атына аударып беріпті. Енді мені «Қарттар үйіне» өткіземіз деп жанығып жатыр.

– Қиын екен. Қызыңыз қайда?

– Алматыда жұмыста. Саин дегеннің көшесінде сауда жасайды. Табысы жақсы болғанмен мазасыз дейд. Дүкенді күндіз-түні бірдей істетеміз дейд. Бірі кіріп, бірі шығып жатқан ығы-жығы халық дейд. Ойбай, белім, сегізкөзім, жамбасым!

Амалсыз бас шайқадым. Темекісі түскір таусылып қалған ба?



– Ой-ой, моя поясница, моя спина, моя... Жив-здоров, светик? В прошлом году похоронили моего старика, знаешь ты.

– Мир и благословение душе его!

– Осталась я с сыном и единственной дочкой, знаешь ты.

– Слышал.

– Ну, слышал, значит, знаешь, что сынок мой ходил-ходил, и ныне насилу женился. Недотепа эдакий, на лежачего верблюда залезть не может. Одно название, – женился, – она его скорей на себе женила.

– В самом деле?

– Точно так. Надумал меня к себе перевезти. Ай, дура я, дура! Теперь, ежели молчу – не замечают, слово скажу – на дыбы встают.

– Почему это?

– Как, почему? Сноха – конь, а свекровь – одер. Всё преследует меня, норовит больней куснуть!

– На словах, наверняка?

– Да уж, на словах!

– Где же ваш собственный дом?

– Родной сын переписал его на младшего брата снохи. Теперь ищут повода, чтобы и меня списать в дом престарелых.

– Проблема, однако. А, где ж ваша дочь?

– Работает в Алматы. Занимается торговлей на улице какого-то Саина\*. Зарботки-то хорошие, да работа больно уж дерганная какая-то, говорит. Магазин открыт круглосуточно, перебоа не бывает. Покупатели, говорит, так и спуют: то туда, то сюда. Ой-ой, моя поясница, моя спина, моя крестовина!..

Я невольно покачал головой. ...Курево закончилось, что ли?



– Қайт дедім, әкеңнен қалған қара шаңырақ талапайға түсіп жатыр. Соттас аға-жеңгенмен дедім.

– Дұрыс.

– Алды-артыңа қарама дедім. Не бай жоқ, не бала жоқ, неғып жүрсің дедім. Елге кеп біреудің етегінен ұста. Тесік моншаққа тебен ине табылар дедім. Үнсіз қалды. Балам, бір бет ақ қағазыңды қи маған. Қызыма қатырып тұрып хат жаз. Менің атымнан. Төк зарымды. Оқығанда тура жаны шығып кетсін.

– Желдеп кеткен ешкі де бір, қыз да бір. Менің хатыма қайыру берсе жақсы.

– Өзім жазар ем. Көзім әріп көрмейді. Керегімді сипап тауып жүрмін.

– Жарайды. Ертең әзір етемін.

– Сөйт, балам. Ойбай, белім, сегізкөзім, жамбасым!..

– Тыныштық па? Сыртта зыр жүгіріп жүрген кімдер? – дедім кемпірден құтылған соң жұбайыма, көзімді ақ қағаздан әрең ажыратып.

– Қашқан қыздың кешіріміне келгендер, – деді ол күлімсіреген қалпы.

– Қарғыс қайда? Мылтық даусы неғып естілмейді? Оқтап, әзір отыр деген.

– Қайдағы? Алып-ұшып алдарынан шықты. Қыздың барған жері бай көрінеді. Әкесі үлкен құрылыс компаниясының басшысы екен. Келе көрші шешейдің қолына қос алтын білезікті кигізді.

– Қайырымен.

– Құдалармен бірге дастарқандас болсын деп шақырып жатыр. Барайық, көрші хақы. Ұят болар.

– Жазумен отыр де. Өзің қызық көріп қайт.

– Сондайың-ай сенің...



– Сказала я ей – вернись обратно, что отцовский дом растаскивают. Судись, – говорю, – со своим родным братом и этой его женой.

- Правильно.

- Не смотри ни на кого, говорю. Что ты там потеряла: ни мужа, ни ребенка. Здесь кого-нибудь найдешь, говорю. На красивую бусинку найдется и иголочка с ниточкой. Молчит пока. Сынок, ты уж не пожалей на меня чистый листочек. Черкни доченьке обстоятельно. От моего имени. Выплесни уж мою горечь. Чтоб, когда читала душа её себе места не находила.

- Что коза без привязи, что девка. Хорошо б ещё ответила на письмо.

- Сама бы написала. Буквы не вижу. На ощупь всё нахожу.

- Хорошо. К завтраму подготовлю.

- Сделай милость, сынок! Ой-ой, моя поясница, моя спина, моя...

- Что там опять стряслось? Кто во дворе так носится как угорелый? – спросил я жену, после ухада бабуся, с трудом отрываясь от белого листа.

- Пришли просить прощение за дочку-беглянку! – ответила она, улыбаясь.

- Почему же не слышно проклятий! Почему нет ружейной пальбы? Пугали, ведь, что держат наизготовке.

- Куда уж там! Ковром стелятся. Обхаживают. Девчонка попала в обеспеченную семью. Отец жениха – руководитель крупной строительной компании. При первой встрече старушка из соседнего дома нацепил золотые браслеты на обе руки.

- Лишь бы к добру...

- И нас приглашают быть со сватами за одним столом-дастарханом. Надо бы пойти. По праву соседей. Неудобно как-то.

- Скажи, дескать, сидит, пишет. Сходи сама, полюбуяся. - Вот, отродясь такой ты!..





...Иә, қашқын қалмақ, иә...

Койшы, шаршадым. Неткен беймаза күн еді. Көзім қарауытып, шекем солқылдады. Түн ортасы таяп қалған. Хикаяны аяқтай алар емеспін. Қорғасындай балқыған ойым өзім әзірлеген қалыпқа сыймай бара жатты. Терезе желдеткішін жапқалы көтеріле беріп ем, көрші шешейдің созып салған шыңылтыр даусы құлағыма қадалды:

– Оралыңның барында ойна да күл!..

Ой-буй, шырқатып ән салатындай сізге не көрінген? Әлде алтын білезіктің буы ма шыдатпай бара жатқан? Таңертеңгі жау түсірердей екпін қайда калды?..

«Сендердің жел көтерген етектерінді жабамын деп көз майымды тамызып отырысым мынау. Бес күндік бұлағай дәуренде ойнаған да күлген сендердің жүрістерің анау. Жабу астында қалған жауырды сипап жазамын деген жалған намыс немді алған? Менікі не осы?..» Осындай қиналыс сәтте «Қырда қашқын қалмақ жүрді дегендері шілі өтірік. Тіпті елесі де болмаған.

Некесіз туған көрдемшенің бәрі – ауданнан келген уәкілдің, шолақ басқарманың, ақсақ қоймашының баласы. Ауыздарынан түскендей айнымай қалған. Қошалақтың құмына тіл бітсе, қаптап кеткен Қашқынбаевтардың кім екенін жайып салар еді-ау. Өттең!.. Ұят қысқанда туған өтірік осыншама өміршең болар ма?» деген ертедегі қаңқу сөз құлағымда қайтадан тірілді.

Рас болмаса қайтсін?!

Орнымнан сілкініп тұрдым. Өсекке семіріп өлмес туынды жазғым келген екен. Алдымдағы жартылай шимайланған қағазды қақ айырдым. Қаламымды лақтырдым. Даусым қатты шығып кетті:

– Елдегі ақсақ-тоқсақтардың сауабын өзіне обалғып арқалаған қашқын қалмақ, сен бұл өмірде бар ма едің? Құм құрсауындағы біздің ауылға аттап басып па едің? Қысыр төсекте қыңсылап жатқан келіншектерді үңгіріңе алып қашып па едің? Әй, қайдам!

Біздің ел ертегіге сенгіш. Сен соның көзге көрін-



Ну и дела, братец калмык, ну и дела.

Хватит. Устал. Что за взбалмошный был день. В глазах темнеет, в висках стучит. Скоро полночь. Не могу завершить своей были. Тяжелые, как свинец, мысли не ложатся в форму, которую я им уготовил. Когда уж привстал прикрыть форточку, до слуха моего донеслось трескучее пение старушки из соседнего дома.

– Играй да пой, покуда дни твои с тобой!..

Ой, мать! Что вам-то привидилось так громко петь? Али жар золотых браслетов не дает покоя? Куда исчез тот боевой напор, который утром сокрушал врага?..

А я тут трачу глаза, чтоб прикрыть ваши подолы, поднятые некогда блудным ветром. В скоротечной канители мирской до того вам и дела-то нет. Да, какая же муха меня укусила – берeditь давно прикрытую потником ссадину? Чем это я занят?.. В такой трудный момент: – Да сплошные это сплетни, что в барханах бродил один беглый калмык. Да призрака его и в помине не было.

А внебрачные дети – отпрыски уполномоченного из района, однорукого председателя колхоза, хромого завсклада... Точно вылитые их двойники. Когда бы пески Кушалака имели язык, то поведали бы, откуда столько Кашкинбаевых. Эх, а жаль!.. И на память пришло стародавнее выражение о том, какой правдоподобной становится ложь, когда рождается она стыдом!

Раз нельзя сказать правды!

Встряхнувшись, я резко встал с места. Выходит, замахнулся на нетленное творение, возвращенное на расхожих сплетнях... Разорвал пополам мелко исписанный лист. Отшвырнул ручку. И заорал дурным воплем:

– А был ли ты на самом деле, братец, беглый калмык, взявший на душу грех былых хромых и обездоленных этого края? Ступала ли нога твоя в мир, затворенный в глубоких зыбучих песках? Умыкал ли ты вдов, скуливших в своей опостылевшей сирой постели? Ай, навряд ли!

Народ наш любит сочинять небылицы. Очевид-



бес ғайып ерен кейіпкеріне айналып кеткенсің-ау, шамасы...

Қарап жүрмей күнәкар бола жаздағанымды қарашы.

\* \* \*

Сол күні байтал көрсе байбаламыңа қарамай оқыранып ұмтылатын саңырау айғыр түнімен түсіме кіріп шықты.

но, сослужил ты ему роль неуязвимого Гаип-Ерена\*..

Бес меня попутал чуть не принял грех на свою душу.

\* \* \*

В ту ночь снился мне оглоушенный жеребец, который, завидя молодую кобылицу, ржал и неистовствовал, невзирая на привязь...

*Примечания:*

\* **Саина** – известная в своё время улица в Алматы, где промышляли жрицы любви

\* **Гаип-Ерен** – ангел-хранитель, покровитель одиноких воинов и странников в казахском эпосе.

